ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«11» ақпан 2022 ж./г. № 92-НҚ

Қызылорда қаласы город Кызылорда

**«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын, өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау және конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту туралы» 27.07.2021 жылғы № 1780-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына» сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Басқарманың «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын, өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау және конкурстық құжаттаманың жобасын бекіту туралы» 27.07.2021 жылғы № 1780-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізіліп, конкурстық комиссия құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қайта бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысының орынбасары А. Қуандыққа жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басқарма басшысының міндетін атқарушы** **Т. Исмағұлов**

004080

Қызылорда облысының мемлекеттік
сатып алу басқармасының
2022 жылғы « 11 » ақпандағы
№ 92-НҚ бұйрығына №1 қосымша

**«Қызылорда қаласы Ақжарма ауылдық округіндегі Талдыарал ауылын аяқ сумен қамтамасыз ету үшін секундына 500 л су айдайтын 1 дана электрлі сорғы станциясын сатып алу» тауары бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жариялау үшін конкурстық комиссияның құрамы**

**Комиссия төрағасы:**

| | | |
|---|---|---|
| **Исмагулов Талгат Абдулхаисович** | - | Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы; |

**Комиссия мүшелері:**

| | | |
|---|---|---|
| **Жұмаева Жанна Серашқызы** | - | Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысының міндетін атқарушы; |
| **Балабаева Женискул Султангазиевна** | - | Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы; |
| **Бауыржан Жұлдыз Бауыржанқызы** | - | Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы; |
| **Шабақова Гүлжайна Қалабекқызы** | - | Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы. |

Таныстырылды:

Ж. Балабаева

Ж. Бауыржан

Г. Шабақова

А. Қуандық